



АТҚАРУ КОМИТЕТИ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

22.02.2024 ж.

№ 31, 1-т.

**2023 жылғы Қазақстандық оқу-ағарту,
ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің
салалық кәсіподағындағы кәсіподақ
мүшелігі және кәсіподақ органдары туралы
жиынтық статистикалық есептіліктің
қорытындылары туралы**

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ мүшелігі мен кәсіподақ органдары туралы 2023 жылдың жиынтық статистикалық есебі бекітілсін.

2. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары 2023 жылдың жиынтық статистикалық есебін басшылық органдардың отырыстарында қаралып, кәсіподақтың мүшелік базасын нығайту, кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру жұмыстарындағы кемшіліктерді жою бойынша нақты шаралар қабылдансын.

3. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарына мүшелік базаны ұлғайту, оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласында жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру бойынша мақсатты іс-шаралар жасақтау ұсынылады. Жоғары оқу орындарының, оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласындағы жеке секторлар ұжымдарында кәсіподақтың ықпалын күшейтіп, әлеуметтік әріптестермен ынтымақтастықты нығайту.

Кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру бойынша жұмыста қызметкерлердің кәсіби мүдделері мен еңбек құқықтарын қорғаудағы кәсіподақ ұйымдарының қызметі туралы нақты фактілер мен мысалдарды келтіре отырып, мақсатқа бағытталған ақпараттық және түсіндірме жұмыстарын өткізу.

4. Мүшелік ұйымдар басшыларына:

- ынталандыру мәселелерін анықтау мақсатында бастауыш кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақ активтерімен кездесулер өткізу, кәсіподақ мүшелігін арттыру бойынша жұмысты күшейту қажет;

- кәсіподақ органдарының аппарат қызметкерлерімен мүшелік база туралы статистикалық мәліметтер мен олардың аналитикалық анықтамаларының сапасын күшейтуге бағытталған қажетті шаралар өткізілсін;

- оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласы қызметкерлерінің заңды мүдделерін, әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарын қорғаудағы мүшелік ұйымдардың жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында, салалық кәсіподақ қозғалысын әрі қарай дамыту мен нығайту бойынша құқықтық жұмыстар бойынша қызметкерлердің штатын күшейту;

- кәсіподақтық оқытуға аса назар аударылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева